

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Орта білімнен кейінгі саладағы жекелеген объектілердің қызметіне мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандар даярлауға бөлінген бюджет қаржатын және мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Құрманғазы атындағы саз колледжі» МКҚК, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 1 қаңтарынан - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттегін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Занына сәйкес, колледж - жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны, ал техникалық және кәсіптік білім беру - білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім беру болып табылады. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облысы аумағында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 34 колледж (24 мемлекеттік және 10 жеке меншік) жұмыс істейді.

Аудиторлық іс-шарамен Орал қаласында орналасқан 3 колледж қамтылды. Олардың басқару жөніндегі уәкілетті органы - Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы және жедел басқару құқықтарына негізделген занды тұлғалар болып табылады.

Колледждердің Жарғылары Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының бұйрығымен бекітілген.

Колледждың мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы оқу-тәрбие, ғылыми-педагогикалық және өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Колледж қызметінің мәні: салалы экономика мен қоғамның әлеуметтік саласына сай жоғары білікті мамандар мен жұмысшыларды дайындау, соның ішінде дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар тұлғаларды; занды және жеке тұлғаларға ақылы білім беру, ғылыми және кеңестік қызмет көрсету, соның ішінде оқыту шығынының толық орнын толтыру келісімшарты бойынша кадрларды дайындау, біліктілігін арттыру, қайта дайындау; сала бойынша кадрларды қайта дайындау және біліктілікін арттыру; басқа оқу орындарымен және үйымдармен келісім шарт негізінде сала бойынша бірлесе мамандар дайындау; оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттерді бастырып шығару және тарату; ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлы жұмыстарды үйымдастыру және өткізу, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігімен бекітілген

гранттар байқауына қатысу; азаматтардың сұрауы бойынша қосымша білім беру нысанында қысқа мерзімді курсар үйымдастыру; бекітілген заңнама және Жарғысы тәртібінде ақылы қызмет көрсету; орта кәсіптік білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде Құзыреттілік орталығын қалыптастыру және ашу; кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету; білім беру процесі мен білім беру технологиялары әдістемелерін қолдану және жетілдіру; оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту; экономика салалары мен нақты жұмыс берушілердің талаптарына мамандарды даярлау, еңбек нарығының талаптарына сәйкес кадрларды даярлау процесін қалыптастыру; студенттерді кәсіптік практикандан өтуге және жұмыс істеуге тұра келетін кәсіпорындармен оқытууды қамтамасыз ету; колледж рейтингінің көрсеткіштерін жақсарту және бітірушіні әрі қарай жұмысқа орналастыру мақсатында Worldskills қатысушыларын мақсатты және жоспарлы дайындау; тындаушылар контингентін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және үйымның жарғысында көзделген қзге де қызметті жүзеге асыру.

Колледждың міндеті: ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістігі негізінде тұлғаның қалыптасу, даму және кәсіби бағытталған жағдай жасау жолымен техникалық және кәсіптік білімнің біліми бағдарламаларын жүзеге асыру;

- нақты мамандық пен кәсіп бойынша қажетті теориялық білім мен практикалық дағдысы бар техникалық және кәсіптік білімге ие білікті мамандар дайындау;

- еңбек нарығы мен жұмыс берушінің талаптарын есепке ала отырып, білікті мамандар дайындау сапасын үнемі жетілдіру;

- оқытуудың жаңа технологияларын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының қызметіне ақпараттандыруды енгізу.

Мақсаты мен қызметінің мәніне сәйкес Колледж келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау департаментімен берілген лицензияға сәйкес мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білімді мамандар дайындайды;

- осы Жарғыдан шығатын басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 3 аудит объектілерімен 36 415,5 мың теңгеге бюджеттік және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмағандығы анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 34 995,5 мың теңге, бюджет қаражатың тиімсіз пайдалану – 1 420,0 мың теңге. Ресімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 7 және кемшіліктер саны 3 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 34 995,5 мың теңгесі өтелуге жатады, қазіргі кезде 33 928,8 мың теңгесі өтелді.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК.

Аудит нәтижесінде 17 633,6 мың теңгеге бюджеттік және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық

бұзушылықтар 17 633,6 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 және кемшіліктер саны 1 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 17 633,6 мың теңгесі өтелуге жатады, қазіргі кезде 16 566,9 мың теңге өтелді.

Колледждың қаржы-шаруашылық қызметін талдау барысында 2020 жылдың қорытындысы бойынша таза пайдамен шыққанына қарамастан, салық органдарына тиісті есептіліктерін тапсырмаған, сәйкесінше қолданыстағы заңнамаға сәйкес түскен таза табыстын бір бөлігін бюджеттің кіріс бөлігіне өтемеген. Аудит барысында, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 шілдеде №ОРД-153 қаулысымен бекітілген нормативке сәйкес, бюджетке өтелуі тиіс таза табыстың бөлігі, сондай-ақ кешіктірілген әр бір күн үшін өсімпұл мөлшері есептеліп, жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне аударылды.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңы 140 бабының 3, 4 тармақтарын, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 26 шілдедегі №ОРД-153 қаулысын сақтамай, түскен таза табыстын бір бөлігі ретінде 1 517,6 мың теңгені жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне аудармаған, сәйкесінше мерзімінде төленбеген сомасына мерзімі өткен 316 күн үшін 8,1 мың теңге өсімпұл есептелді, барлығы 1 525,7 мың теңге.

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандығы № 14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 18, 28, 42 тармақтары бұзылып, Кәсіпорынның Даму жоспарын және оның есебін 2019-2020 жылдары бекіту кезінде тиісті белгіленген мерзімдер сақталмаған. Оның себебі, Колледж облыстық білім басқармасына аталған есепті уақытында ұсынбаған.

3-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандығы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 11, 12, 13 тармақтары, сондай-ақ 38 тармағы бұзылып, Кәсіпорынның даму жоспарында және оның есептерінде ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері, ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштері (тікелей және түпкілікті нәтижелерді, сапа және тиімділік көрсеткіштері) қамтылмаған; жекелеген қосымшалары толық толтырылмаған, олар қағидаларда бекітілген талаптарға сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидалардың 30 тармағының 2)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханаларына түсетін жана түсімдердің көлемі: мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының

кітапханалары үшін жыл сайын қолда бар бірыңғай кітапхана қорының көлемі кемінде үш-бес пайыз болуы тиіс. Алайда, бұл көрсеткіш 2019 жылы 2% болды, яғни бекітілген мөлшерден кем болды; ал 2020 жылы 34%, 2021 жылы 13% болды, яғни бекітілген мөлшерден кем емес.

4-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру үйимдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидалардың 30 тармағының 2)-тармақшасы бұзылып, 2019 жылы кәсіпорынның барлық қолда бар бірыңғай кітапхана қорынан түсетін жаңа түсімдердің көлемі 3% кем болған.

Аудитпен 2019-2021 жылдары жан басына шаққандағы қаржыландыру кезінде білім алушылардың нақты контингенті (оқудан шығарылған және келген) ескерілмегені анықталды, бұл жалпы сомасы 14 836,2 мың теңгеге артық қаржыландыруға әкеп соқты, оның ішінде 2019 жылы 5 110,1 мың теңге сомаға, 2020 жылы 3 593,7 мың теңге сомаға, 2021 жылы 6 132,4 мың теңге сомаға.

Ал, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының 7 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары – ай сайын ағымдағы айда осы қызметтерді алған білім алушылардың нақты контингенті үшін есептелген көлемде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға жасалған шарттардың шегінде қаржыландырылады.

5-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының 7 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, Колледж 2019-2021 жылдары оқудан шығарылған студенттер санын ескермеу салдарынан 14 836,2 мың теңгеге негіzsіз қаржыландырылған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 44 бабы 7 тармағына сәйкес, Республикалық бюджеттен бөлінген, олар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстырың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органды ағымдағы қаржы жылында одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансфертердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары жыл басындағы бюджет қаржатының қалдықтары есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрган бюджетке қайтарылуға жатады. Пайдаланылмай қалған 205,0 мың теңге бюджетке кері қайтарылмаған.

6-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет Кодексінің 44 бабы 7 тармағы бұзылып, Колледж 2020 жылы еңбек

акы төлеу үшін республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансфертердің пайдаланылмаған бөлігін 205,0 мың теңгені бюджетке кері қайтармаған.

Студенттерге шәкіртақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандығы №116 қаулысымен бекітілген Білім беру үйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы қағидаларына сәйкес төленеді. Әр жылдың 1 қаңтарына және 1 қыркүйегіне колледж директорының бұйрығымен стипендияның мөлшерін бекітеді.

Стипендия тағайындау туралы №116 қағиданың 21 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толықтай мемлекет қамтамасыз ететін студенттер мен магистранттарға мемлекеттік стипендия тиісінше студенттер мен магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді. Ал осы қағиданың 20 тармағына сәйкес, көру және есту қабілеттері бойынша мүгедектердің, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) балалардың, сондай-ақ аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша тек «жеке жақсы» деген бағалары бар студенттер мен магистранттардың («Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйіндегі оқитын магистранттарды қоспағанда) ұлғайтылған мемлекеттік стипендия алуға құқығы бар.

Колледж студенттерінің арасында жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар оқиды. Оның ішінде аудиттеген кезеңде балалар үйінде тәрбиеленіп, толықтай мемлекет қамтамасыз етілген 7 студент анықталды.

Бұл ретте, жоғарыда аталған студенттерді толықтай мемлекет қамтамасыз ететіндігіне қарамастан, оларға мемлекеттік стипендия толық мөлшерде төленген.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандығы №116 қаулысымен бекітілген Білім беру үйіндегі оқынушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы қағидаларының 21 тармағы бұзылып, мемлекет қамтамасыз ететін студенттерге 1 066,7 мың теңге көлемінде негізсіз мемлекеттік стипендия төленген, оның ішінде 2019 жылы 283,5 мың теңге, 2020 жылы 456,4 мың теңге, 2021 жылы 326,8 мың теңге.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру үйіндегі оқынушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы қағидаларының 21 тармағы бұзылып, мемлекет қамтамасыз ететін студенттерге 1 066,7 мың теңге көлемінде негізсіз мемлекеттік стипендия төленген, оның ішінде 2019 жылы 283,5 мың теңге, 2020 жылы 456,4 мың теңге, 2021 жылы 326,8 мың теңге.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Құрманғазы атындағы саз колледжі» МҚҚК

Аудит нәтижесінде 2 599,9 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 1 179,9 мың теңге, бюджет қарожатың тиімсіз пайдалану – 1 420,0 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 1 және кемшіліктер саны 1 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 1 179,9 мың теңгесі өтелуге

жатады, қазіргі кезде бұл сома толық өтелді.

Колледжben ЖК «Ищенова С.Р.» арасында мүліктік жалдау шарты жасалып, ғимараттың жалпы ауданы 74,2 ш.м асхана үшін жалға берілген. Жеке кәсіпкер асхананың коммуналдық шығындарың Колледждың шотына аударып отырған. Ал колледж коммуналдық қызметтер үшін қажетті соманы есептеу барысында, асханың алып отырған алаңын да қосып есептеп, бюджеттен қаржы алып отырған. Нәтижесінде, коммуналдық қызметтер үшін ақыны Колледж бюджет қаражаты есебінен төлеп келген, ал ЖК «Ищенова С.Р.» түскен қаржыны Колледж басқа қажеттіліктерге пайдаланып отырған.

9-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-ІУ Бюджет кодексі 4-бабының 9-тармағында көзделген негізділік принципін сақтамай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 137 бабы бұзылып, 2019 жылға арналған бюджетті жоспарлау кезінде жалпы сомасы 590,7 мың теңгені құрайтын коммуналдық шығыстар бойынша бюджет қаржысы негіzsіз жоспарланған.

10-тармақ. Кәсіпорынның 2019, 2020 жылдарға арналған даму жоспарында көзделген «Студенттер саны» көрсеткіші орындалмады (2019 жыл: жоспар 729 адам /нақтысы - 648 адам; 2020 жыл: 730 адам/ нақтысы - 663 адам), бұл өз кезегінде колледж қызметінің кемшілігі болып табылады.

11-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 8 бөлігінің 3 тармағы бұзылып, 2019 жылы киім ілушілердің еңбек ақы қоры 422,0 мың теңгеге артық жоспарланған.

Колледж, қызметкерлерге сыйлық беру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесіне сәйкес жұмыстанады. Аталған Ереженің 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде қызметкерге сыйлық берілмейді. Алайда, бұл ереженің талаптары сақталмай, алынбаған тәртіптік жазасы бар 3 қызметкерлерге директордың бұйрығына сәйкес, сыйлық ақы төленген.

12-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінің 4 тармағының 1) тармақшасының талабын бұза отырып, алынбаған тәртіптік жазасының бар екендігіне қарамастаң, 2021 жылы Колледждің 3 қызметкеріне жалпы сомасы 120,0 мың теңге көлемінде сыйлықақы төленген.

Аудит барысында, колледж директорының бұйрығына сәйкес 1 күнге іссапарға жолданған кезде, сондай-ақ Орал қаласы аумағында орналасқан басқа колледждерге топ құрамында іссапарға жолданған кезде, жекелеген қызметкерлерге тәулік ақылары артық өтелген.

13-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды

өтеу қағидаларының 2 тармағының және 4 тармағының 2) тармақшасының талаптарын бұза отырып, іссапар шығыстары бойынша 30,3 мың теңге сомасын артық төлеуге жол берілген.

Колледж теңгерімінде екі автокөліктің бар екендігі анықталды: 2008 жылы шығарылған, мемлекеттік нөмірі 464 AS07, қалдық құны 6245,0 мың теңгені құрайтын Hyundai Tukson 2.0 және 2008 жылы шығарылған қалдық, мемлекеттік нөмірі L651 AC құны 1 420,0 мың теңгені құрайтын Лада 21703. Өз кезегінде «Hyundai Tukson» автокөлігі әкімшілік мақсаттарда пайдаланылуда, ал «Лада 21703» автокөлігі 2019-2021 жылдары мүлдем қолданылмаған (шығындар жасалмаған).

Аудит барысында «Лада 21703» автокөлігінің жағдайы қанағаттанар екендігі анықталды (аккумуляторлық батареядан басқа бөлшектері толықтай бар).

14-тармақ. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексі 4 бабының 12 тармағында көзделген тиімділік қағидаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңы 6 бабының 4) тармақшасында көзделген мемлекеттік мұлікті тиімді пайдалану қағидаты сақталмай, құны 1 420,0 мың теңгені құрайтын автокөлік тиімсіз пайдаланған. 2022 жылғы 25 сәуірде Колледжден №48 хат келіп, аталған автокөлік Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының 2022 жылғы 20 сәуірдегі №174-Н бүйріғына сәйкес, «Құрманғазы атындағы саз колледжі» МКҚК теңгерімінен «Бөрлі колледжі» МКҚК теңгеріміне берілген.

15-тармақ. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №120-VI Кодексінің 367 бабы 1-бөлігінің 1 тармағын бұза отырып, Колледж 2020 жылғы 27 тамыздағы №38 келісімшарт бойынша ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген «ЭЛЕКТРОКОМПЛЕКТ» ЖШС 30 дана аспалы шамдарды сатып алу барысында негізсіз 14,9 мың теңге аударған.

16-тармақ. Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII «Азаматтық кодексінің» 298 бабы, сондай-ақ 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 43 бабының 24 тармағын және «ЭЛЕКТРОКОМПЛЕКТ» ЖШС 30 дана аспалы шамдарды сатып алу туралы 2020 жылғы 27 тамыздағы №38 шартының 7.3 тармағы бұзылып, өз міндеттемелерінің орындалу толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етпегені үшін 0,5 мың теңге көлеміндегі айыппұл сомасын өндіру бойынша шаралар қабылдамаған.

17-тармақ. Колледж 2020-2021 жылдары Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 12-бабының 4-тармағының талабын бұза отырып, өз міндеттемелерін тиісті деңгейде орындағаны үшін «ЭЛЕКТРОКОМПЛЕКТ» ЖШС, ЖК «Щучкин Константин Викторович», ЖК «Тю» және ЖК «КУРМАНСЕЙТОВ ЖОМАРТ САМАТОВИЧ» өнім берушілерді мемлекеттік сатып алушын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа талап арызбен жүргінбеген.

18-тармақ. Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII «Азаматтық кодексінің» 298 бабы, сондай-ақ 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 43 бабының 24 тармағын және

«Тю» жеке кәсіпкерден еден жууга арналған шүберектер сатып алу туралы 2021 жылғы 29 наурыздағы №23 шартының 7.3 тармағы бұзылып, өз міндеттемелерінің орындалу толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етпегені үшін 0,7 мың теңге көлеміндегі айыппұл сомасын өндіру бойынша шаралар қабылдамаған.

19-тармақ. Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII «Азаматтық кодексінің» 298 бабы, сондай-ақ 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заны 43 бабының 24 тармағын және ЖК «Курмансейтов Жомарт Саматовичтен» залалсыздандыру құрлығының сатып алу туралы 2021 жылғы 7 қазандағы №70 шартының 7.3 тармағы бұзылып, өз міндеттемелерінің орындалу толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етпегені үшін 0,8 мың теңге көлеміндегі айыппұл сомасын өндіру бойынша шаралар қабылдамаған.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК

Аудит нәтижесінде 16 182,0 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 16 182,0 мың теңге. Ресімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3, кемшіліктер саны 1 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 16 182,0 мың теңгесі өтелуге жатады, қазіргі кезде бұл сома толық өтелді.

20-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 42 тармағы бұзылып, 2019 жылғы Кәсіпорынның даму жоспарының орындау туралы есебі бекіту кезінде тиісті белгіленген мерзім сақталмаған. Оның себебі, Колледж облыстық білім басқармасына аталған есепті уақытында ұсынбаған.

21-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 11, 12, 13 тармақтары, сондай-ақ 38 тармағы бұзылып, 2019, 2020, 2021 жылдарға арналған Кәсіпорынның даму жоспарында және оның есептерінде ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері, ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштері (тікелей және түпкілікті нәтижелерді, сапа және тиімділік көрсеткіштері) қамтылмаған; жекелеген қосымшалары толық толтырылмаған, олар қағидаларда бекітілген талаптарға сәйкес келмейді.

22-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік

қаржыландыру қағидаларының 7 тармағының 2) тармақшасы бұзылып, Колледж 2019-2021 жылдары оқудан шығарылған студенттер санын ескермеу салдарынан 12 261,0 мың теңгеге негізсіз қаржыландырылған.

23-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қантардағы № 77 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 8 бөлігінің 3 тармағы бұзылып, 2019-2021 жылдары киім ілушілердің еңбек ақы қоры 1 455,9 мың теңгеге артық жоспарланған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің 18 қосымшасына сәйкес, Азаматтық қызметшілер, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлері, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлері үшін бірынғай қосымша ақылар мен үстемеақылар қарастырылған.

Алайда, аталған қосымшада ауыр (ерекше ауыр) қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстармен айналысадын қызметкерлерге қосымша ақы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексіне» сәйкес және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен еңбек жағдайлары зиянды кәсіптер және қызметтер өндірістерінің, цехтарының тізімі (тізбесі) негізінде төленеді.

Ал, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларында әкімшілік-басқару персоналына жататын қызметкерлерге қосымша ақы төлеу қарастырылмаған.

24-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысымен бекітілген Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің 18 қосымшасы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларының» 1 қосымшасы бұзылып, 2019 жылы еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналыспайтын қызметкерлерге 362,9 мың теңге негізсіз қосымша еңбек ақы төленген.

25-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің» 139 бабының 10 тармағы

бұзылып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін бекіту туралы» № 1193 Қаулысының 6 тармағының 2) тармақшасы сақталмай, 2019-2021 жылдары азаматтық қызметшілерге сауықтыруға арналған жәрдемақыны лауазымдық айлықақы мөлшерінде төлеу талабы сақталмау салдарынан 1 309,3 мың теңге негізсіз төленген.

Колледж, қызметкерлерге сыйлық беру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ұстемеақылар белгілеу ережесіне сәйкес жұмыстанады. Аталған Ереженің 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде қызметкерге сыйлық берілмейді. Алайда, бұл ереженің талаптары сақталмай, алынбаған тәртіптік жазасы бар 5 қызметкерлерге директордың бұйрығына сәйкес, сыйлық ақы төленген.

26–тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ұстемеақылар белгілеу ережесінің 4 тармағының 1) тармақшасының талабын бұза отырып, алынбаған тәртіптік жазасының бар екендігіне қарамастан, 2019-2021 жылдары Колледждің 5 қызметкеріне жалпы сомасы 528,0 мың теңге көлемінде сыйлықақы төленген.

Колледж директорының 2021 жылғы 29 қантардағы №20-Ә/1 бұйрығына сәйкес оқу әдістемелік бірлестік жөніндегі директордың орынбасары А.М.Кайырлиева Алматы қаласына сегіз күн мерзімге іссапарға жіберілген, пәтер ақысы 10 АЕК-тен екі тәулікке есептелуі тиіс еді, бұл 58,3 мың теңгені құрайды. Алайда, аванстық есептегі мәліметке сәйкес пәтер ақы сомасы үш тәулікке есептеліп 87,5 мың теңгені құрап, нәтижесінде 29,2 мың теңге сомасында іссапар шығыстары артық төленген;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 2 тармағына сәйкес, іссапар жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ қызметкерді басқа жерге окуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу болып табылады.

Колледж директорының 2019 жылғы 14 тамыздағы №75-Ә/1 бұйрығына сәйкес Колледж директоры С.Х.Мухамбеталиев Нұр-Сұлтан қаласына 2019 жылдың 15-17 тамыз аралығында үш күн мерзімге іссапарға жолданып, Орал – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша бір жаққа әуе көлігінің шығыны бюджеттен тыс қаражат есебінен төленсін деген бұйрық шығарылған. Алайда, бұйрықтың талабы орындалмай, Орал – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша 34,3 мың теңге көлеміндегі әуе көлігінің шығыны мемлекеттік бюджет есебінен өтелген.

27-тармақ. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 мамырдағы №125 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының (Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 20 құркүйектегі №185 қаулысымен күші жойылды) З тармағы 2) тармақшасының талаптарын, сондай-ақ Колледж директорының 2019 жылғы 14 тамыздағы №75-Ә/1 бұйрығының талабын бұза отырып, іссапар шығыстары бойынша 63,5 мың теңге сомасын негізсіз төлеуге жол берілген.

28-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларының талаптары сақталмай, Колледж тізімде көрсетілген жекелеген позициялармен жабдықталмаған. Бұл өз кезегінде колледж қызметінің кемшілігі болып табылады, алайда оку процесіне айтарлықтай теріс әсерін тигізген жоқ.

29-тармақ. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39-бабының 3-тармағының 42)-тармақшасының талабын бұза отырып, БҚО әкімдігі білім басқармасының «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚҚ мемлекеттік сатып алу туралы занда көзделмеген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы негізсіз жүзеге асырған (соның ішінде 2019 жылы ЖК «АЛ-ЕР» және ЖК «ПУСТОБАЕВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ» жалпы сомасы 349,4 мың теңгеге; 2019 жылы ЖК «ГЛАДКИХ МАКСИМ ВАЛЕРЬЕВИЧ» 278,3 мың теңгеге; 2019 жылы ЖК «КОПИМИР», «IDP Kazakhstan» ЖШС және ЖК «ЩУЧКИН КОНСТАНТИН ВИКТОРОВИЧ» 509,0 мың теңгеге; 2019 жылы «WESTA» ЖШС 280,8 мың теңгеге; 2021 жылы ЖК «ГЛАДКИХ МАКСИМ ВАЛЕРЬЕВИЧ» 326,2 мың теңгеге).

«Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі бір тараптан және «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ екінші тараптан 2017 жылғы 6 ақпандағы №4 мемлекеттік мүлікті жалдауға (жалға алуға) шарт жасасқан. Шарттың мәні болып Орал қаласы, Т.Масин көшесі, 48/1 үй (Колледж ғимараты) мекенжайында орналасқан ғимарат ішінен 1,6 ш.м. бөлігін жалдау (жалға беру) болып табылады. Аталмыш шарт 36 айға жасалып, әрекет ету мерзімі аяқталған соң 2020 жылғы 29 мамыр күні №9078-О-ЭТП жаңадан шарт жасалған. Шарттардың 12 тармағына сәйкес, мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысы коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді қамтымайды. Бұл төлемдерді жалдаушы коммуналдық қызметтер көрсететін пайдаланушы ұйымдарға төлейді. Алайда, Колледжben «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ арасында 2017 жылғы 6 ақпандағы №8 шарт жасалып, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ Колледждың арнай шотына тұтынған електрқуат үшін ай сайын 5 597 теңге 01 тиыннан төленіп, кейін бұл қаржы «Басқа да табыстар» деп кірістеліп отырған. Аудит кезеңінде бұл шарт бойынша Колледждың арнайы шотына жалпы сомасы 201,4 мың теңге түскен, оның ішінде 2019 жылы 67,1 мың теңге, 2020 жылы 67,1 мың теңге, 2021 жылы 67,2 мың теңге.

Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының 2018 жылғы 17 қазандағы №895 бұйрығымен бекітілген Жарғының 4.12 тармағына

сәйкес, Колледждың жарғысында көрсетілмеген қызметті жүзеге асыруынан келіп түскен кірісі заннамамен бекітілген тәртіпте жергілікті бюджетке аударылады.

30-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңының 137 бабы, 2017 жылғы 6 ақпандығы №4 және 2020 жылғы 29 мамыр күні №9078-О-ЭТП мемлекеттік мұлікті жалдауға (жалға алуға) шарттардың 12 тармағы, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының 2018 жылғы 17 қазандағы №895 бүйрүгімен бекітілген Жарғының 4.12 тармағы бұзылып, Колледж 2019-2021 жылдары негізсіз 201,4 мың теңге пайда тапқан.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Өнірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыруға жәрдемдесуге және нысаналы индикаторларына қол жеткізуге әлеует болып табылады. Сонымен қатар өнірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету аудиттеген кәсіпорындардың басты мақсаты. Бұл ретте, осы мақсаттар техникалық және кәсіптік білім беру саласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК

1. Аудит барысында анықталған 17 633,6 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтардың 16 566,9 мың теңгесі өтелді;

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бакылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 18 наурыздағы №8-10/250 шығыс хатымен «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге, түскен таза табыстын бір бөлігін жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне аудармау фактісі бойынша материал жолданды. «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ 2022 жылғы 1 сәуірдегі №МКБ-1-08-8/3077 шығыс хатына сәйкес, Колледжге қатысты КР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 205-бабының 1-тармағы бойынша хаттама толтырылып, «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

«Құрмангазы атындағы саз колледжі» МКҚК

1. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 1 179,9 мың теңгесі өтелуге жатады, қазіргі кездे бұл сома толық өтелді;

2. БҚО бойынша тексеру комиссиясының отырысына дейін 2022 жылғы 25 сәуірде Колледжден №48 хат келіп, аталған автокөлік Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының 2022 жылғы 20 сәуірдегі №174-Н бүйрүгіна сәйкес,

«Құрманғазы атындағы саз колледжі» МҚҚҚ тәңгерімінен «Бөрлі колледжі» МҚҚҚ тенгеріміне берілген;

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 28 наурыздағы №8-9/260 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғасының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін материалдар жолданды. «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ 2022 жылғы 1 сәуірдегі №07-1-1/1037 шығыс хатына сәйкес, колледж директоры Н.Сертековқа ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 207 бабының 10 бөлігіне сәйкес 4 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен, жалпы сомасы 183,7 мың теңге айыппұл салынды.

«Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МҚҚҚ

1. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 16 182,0 мың теңгесі өтелуге жатады, қазіргі кезде бұл сома толық өтелді;

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 14 сәуірдегі №8-10/311 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғасының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін материалдар жолданды. «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ 2022 жылғы 22 сәуірдегі №07-1-1/1382 шығыс хатына сәйкес, колледж директоры С.Мухамбеталиевке ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 207 бабының 11 бөлігіне сәйкес 5 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен, жалпы сомасы 765,7 мың теңге айыппұл салынды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

«Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МҚҚҚ:

2020 жылдың қорытындысы бойынша түскен таза табыстын бекітілген нормативке сәйкес бір бөлігін жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне аудармағандығы; кәсіпорынның даму жоспарын және оның есебін бекіту кезінде тиісті белгіленген мерзімдерін сақтамағандығы; кәсіпорынның даму жоспарында және оның есептерінде ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері, ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштері (тікелей және түпкілікті нәтижелерді, сапа және тиімділік көрсеткіштері) қамтылмағандығы; жекелеген қосымшалары толық толтырлмағандығы, олардың қағидаларда бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі; 2019 жылы барлық қолда бар бірыңғай кітапхана қорынан түсетін жаңа түсімдердің көлемі 3% кем болуы; техникалық және кәсіптік білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын сақтамау салдарынан аудит кезеңінде артық қаржыландырылғандығы; 2020 жылы республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансфертердің пайдаланылмаған бөлігінің бюджетке кері қайтарылмағандығы; аудит кезеңінде стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы қағидаларын сақтамау салдарынан, мемлекет қамтамасыз ететін студенттерге артық мемлекеттік стипендия төленгендігі; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын

жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларының талаптары сақталмай, жекелеген позициялармен жабдықталмағандығы, аудит объектісі тарапынан бюджет қаражатын пайдалану барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгенде арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Аудит объектісі қызметін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін қызметтердің тиімділігін бағалау және талдау» арнайы көрсеткіші бойынша: аудит кезеңінде техникалық және кәсіптік білім беру саласының ағымдағы ахуалы, білім беру қызметтерін көрсететін мамандардың біліктілігі қанағаттанарлық деңгейде. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі бойынша мемлекеттік бағдарламада көзделген көрсеткіштер орындалып отыр, білім алушыларға арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар мүмкіндігінше жасалған. Осылайша, аудит кезеңінде аудит объектісінің қызметі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін қызметтері тиімді екендігін көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорын қызметінің мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуі» арнайы көрсеткіші бойынша: аудит барысында кәсіпорынның бекітілген даму жоспарында мақсаттар, міндеттер және негізгі көрсеткіштер мүлдем көзделмеген. Сәйкесінше нәтижелілік көрсеткіші бойынша бағалау мүмкін болмады.

Сонымен қатар кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдау барысында, 2019 жылдың қорытындысы бойынша шығынмен, ал 2020-2021 жылдары табыспен аяқтағандығы белгілі болды. Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу колледж басшылығы тарапынан да, уәкілетті орган тарапынан да тиісті назар мен бақылау қажеттілігі жеке назарды талап етеді. Бүгінгі күні даму жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Сондай-ақ, анықталған бұзушылықтарды талдау атқарушы органның басқару органымен әлсіз өзара іс-қимыл жасайтындығын куәландырады.

Аудит бағдарламасының «Заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» базалық көрсеткіші. «Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес

айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады). арнайы көрсеткіші бойынша: анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 17633,6 мың теңгені құрап, аудиттеген 1087384,0 мың теңгенін 1,6% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды. Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа денгейде екендігін көрсетеді.

«Күрмангазы атындағы саз колледжі» МҚҚК:

Жүргізілген аудит қорытындылары кәсіпорынның бюджет қаражатының жұмсалған шығыстары бекітілген Жарғыға сәйкес мақсаттарға, міндеттерге, функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес келетінін көрсетті. Сонымен қатар, бюджет заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың жекелеген кемшіліктерін, бұзушылықтарын атап өткен жөн.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгенде арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Аудит объектісі қызметін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін қызметтердің тиімділігін бағалау және талдау» арнайы көрсеткіші бойынша:

Тұастай алғанда, бюджет қаражатының жұмсалған шығыстары аудит объектісінің бекітілген Жарғысына сәйкес мақсаттарға, міндеттерге, функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес келеді. Кәсіби музикалық білім мамандарын даярлауға бөлінген бюджет қаражаты толық игерілді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорын қызметінің мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуі» арнайы көрсеткіші бойынша: 2019-2020 жылдары, кәсіпорынның даму жоспарында қарастырылған 3 көрсеткіштің 1 орындаулмаған. «Студенттер саны» 2019 жыл: жоспар 729 адам /нақтысы - 648 адам; 2020 жыл: жоспар 730 адам/ нақтысы - 663 адам, яғни 66,6 %, яғни. аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа денгейде екендігін көрсетеді.

Аудит бағдарламасының «Заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» базалық көрсеткіші. «Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады). арнайы

көрсеткіші бойынша: анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 2 599,9 мың теңгені құрап, аудиттеген 1 417 049,0 мың теңгенін 0,1% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды. Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

«Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК:

Кәсіпорынның даму жоспарының есебін бекіту кезінде тиісті белгіленген мерзімдерін сақтамағандығы; кәсіпорынның даму жоспарында және оның есептерінде ұйым қызметінің мақсаттары, міндеттері, ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштері (тікелей және түпкілікті нәтижелерді, сапа және тиімділік көрсеткіштері) қамтылмағандығы; жекелеген қосымшалары толық толтырылмағандығы; техникалық және кәсіптік білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландаудыру қағидаларын сақтамау салдарынан аудит кезеңінде артық қаржыландаудырылғандығы; маусымдық жұмыскерлерге еңбек ақы қорын толық жылға есептеу салдарынан еңбек ақы қорының артық жоспарланғандығы; еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналыспайтын қызметкерлерге негізсіз қосымша еңбек ақының төленуі; жекелеген қызметкерлерге негізсіз жәрдемақының төленгендігі; алынбаған тәртіптік жазалардың бар екендігіне қарамастан қызметкерлерге сыйлықақы берілгені; іссапар шығындарының бекітілген нормадан артық өтелгені; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларының талаптары сақталмай, жекелеген позициялармен жабдықталмағандығы; мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнама талаптарының сақталмағандығы, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті жалдау (жалға алу) шарттарының орындалмауы аудит объектісі тарапынан бюджет қаражатын пайдалану барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгені көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгенде арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Аудит объектісі қызметін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін қызметтердің тиімділігін бағалау және талдау» арнайы көрсеткіші бойынша: аудит кезеңінде техникалық және кәсіптік білім беру саласының ағымдағы ахуалы, білім беру қызметтерін көрсететін мамандардың біліктілігі қанағаттанарлық деңгейде. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі бойынша мемлекеттік бағдарламада көзделген көрсеткіштер орындалып отыр, білім алушыларға арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар мүмкіндігінше жасалған. Осылайша, аудит кезеңінде аудит объектісінің қызметі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін қызметтері тиімді екендігін көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорын қызметінің мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуі» арнайы көрсеткіші бойынша: аудит барысында

кәсіпорынның бекітілген даму жоспарында мақсаттар, міндеттер және негізгі көрсеткіштер мүлдем көзделмеген. Сәйкесінше нәтижелілік көрсеткіші бойынша бағалау мүмкін болмады.

Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу колледж басшылығы тарапынан да, уәкілетті орган тарапынан да тиісті назар мен бақылау қажеттілігі жеке назарды талап етеді. Бұғынгі күні даму жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Сондай-ақ, анықталған бұзушылықтарды талдау атқарушы органның басқару органымен әлсіз өзара іс-қимыл жасайтындығын күәландырады.

Аудит бағдарламасының «Зандылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» базалық көрсеткіші. «Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады). арнайы көрсеткіші бойынша: анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 16182,0 мың теңгені құрап, аудиттеген 2576748,0 мың теңгенін 0,6% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды. Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа денгейде екендігін көрсетеді.

Жалпылай алғанда, «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК және «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК-н даму жоспарында және оның есептерінде бес жылдық кезең шенберінде, жылдар бойынша бөлінген қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері; қаржы-шаруашылық қызметінің түпкілікті және түйінді көрсеткіштері, міндеттері, есептік көрсеткіштері жоқ; даму жоспарына түсіндірме жазба жоспарланған бес жылдық кезенге арналған көрсеткіштер негіздемесі, сондай-ақ даму жоспарының әрбір қосымшасына негіздемелер мен түсіндімелер толтырылмаған; нысандарда кірістер мен шығыстарға қатысты қате деректер толтырылған, атап айтқанда есеп бойынша көрсетілген кірістер мен шығыстар сомалары нақты алынған кірістерге және жүргізілген шығыстарға сәйкес келмейді. Бұл кәсіпорынның даму жоспарын және даму жоспарын орындау туралы есептерді сапасыз жасауды және есептерді формалды түрде толтырылуын күәландырады. Осыған орай, алынған кірістер мен жасалған шығыстардың кәсіпорынның даму жоспарына сәйкестігін, даму жоспарында көзделмеген шығыстардың болуын анықтау мүмкін болмады. Сондай-ақ басқару органы тарапынан, кәсіпорындардың көрсеткіштерді толтыру

барысында анықталған кемшіліктерді жою бөлігінде тиісті бақылау болмағандығын атап өткен жөн.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МҚҚК, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Құрманғазы атындағы саз колледжі» МҚҚК, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МҚҚК-да жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және тексеру комиссиясы отырысына дейін 33 928,8 мың теңгенін өтелгендігі ескерілсін.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 4 параста, аудит объектілері қалпына келтірғен және өтелген қаражат жөніндегі ақпарат 1 параста.

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі**

К. Алпысбаев

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы,
топ жетекшісі**

Е. Гумаров

**Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы**

М. Утешова

Бас инспектор-заңгер

А. Сибатова